«Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Бұлақтыкөл орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

БҰЙРЫҚ

Коммунального государственного учреждения «Булактыкольская средняя школа» государственного учреждения «Отдел образования Байганинского района Управления образования Актюбинской области»

ПРИКАЗ

№ 44

«23» мамыр 2025 жыл Бұлақтыкөл ауылы

2024-2025 оқу жылын аяқтау және мектеп оқушыларын аралық, қорытынды аттестаттаудан өткізуге мұғалімдер бекіту туралы

Байғанин аудандық білім бөлімінің 2025 жылғы 05 мамырдағы №02-02/616 хатын негізге ала отырып 2024-2025 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында ***Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:***

1. 2024-2025 оқу жылындағы негізгі мектеп курсы бойынша емтихан кестесі және комиссия құрамы төмендегі ретте құрылсын:

р/с	Пәндер	Өтілу түрі	Емтихан болатын күн	Емтихан алушы мұғалім	Ассистенттер	Емтихан комиссиясының төрағасы
1	Математика (алгебра)	Жазбаша (бақылау)	29 мамыр Сағ.09.00	Құрманалина А	Айдынов А Құралдықова А	Нурмаганбетова Б
2	қазақ тілі	Жазбаша (эссе)	02 маусым Сағ.09.00	Тағыбергенова А	Суймуханова Б Жұма А	Нурмаганбетова Б
3	Таңдау пәні География	Жазбаша	05 маусым Сағ.09:00	Шошанова А	Қыстаубай Ә Атангарин О	Нурмаганбетова Б
4	Орыс тілі мен әдебиеті	Жазбаша (мәтінмен жұмыс)	10 маусым Сағ.09.00	Жұма А	Суймуханова Б Алдоңғарова А	Нурмаганбетова Б

2. 2024-2025оқу жылындағы орта мектеп курсы бойынша емтихан кестесі және комиссия құрамы төмендегі ретте құрылсын:

р/с	Пәндер	Өтілу түрі	Емтихан болатын күн	Емтихан алушы мұғалім	Ассистенттер	Емтихан комиссиясының төрағасы
1	Қазақстан тарихы	Ауызша	30 мамыр Сағ: 09:00	Шошанова А	Қыстаубай Ә Жұма А	Атангарин О
2	Алгебра және анализ бастамалары	Жазбаша (бақылау жұмысы)	04 маусым Сағ.10:00	Құралдықова А	Айдынов А Құрманалина А	Атангарин О
3	Қазақ тілі	Жазбаша	09 маусым Сағ.10:00	Суймуханова Б	Тағыбергенова А Жұма А	Атангарин О
4	Биология	жазбаша	12 маусым Сағ:09.00	Күсепбергенова Н	Нурмаганбетова Б Құрманалина А	Атангарин О
	Дүние жүзі тарихы			Шошанова А	Қыстаубай Ә Суймуханова Б	Атангарин О
5	Орыс тілі мен әдебиеті	Жазбаша	16 маусым Сағ:09:00	Жұма А	Суймуханова Б Алдоңғарова А	Атангарин О

Мектеп директоры О.Атангарин

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Бұлақтыкөл орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

БҰЙРЫҚ

Коммунального государственного учреждения «Булактыкольская средняя школа» государственного учреждения «Отдел образования Байганинского района Управления образования Актюбинской области»

ПРИКАЗ

«29» тамыз 2024жылғы **№49** Бұлақтыкөл ауылы

Бұлақтыкөл орта мектебінде
2024 - 2025 оқу жылының
басталуы туралы

Ақтөбе облыстық білім басқармасының 2024 жылғы 08 тамыздағы №386 бұйрығы, Байғанин аудандық білім бөлімінің барлық білім беру ұйымдарында 2024 жылғы 12 тамыз күнгі №128 бұйрығымен, Бұлақтыкөл орта мектебінің 29 тамыздағы №1 педагогикалық кеңесінің қаулысын негізге ала отырып, 2024 – 2025 оқу жылын белгіленген талаптарға сәйкес ұйымдасқан түрде бастау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Бұлақтыкөл орта мектебі бойынша 2024-2025 оқу жылы сабақтар дәстүрлі түрде басталсын;
2. Сабақ кестесі мектеп директорының бекіткен және ата-аналар комитетінің төрағасымен келісілген формада бекітілсін;
3. Қоңырау кестесі екі ауысымда бекітілсін;
1)Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталуы 2024 жылғы 1 қыркүйек;

2) Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11(12)-сыныптарда – 34 оқу аптасы;
3) Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:
1-11(12)- сыныптарда: күзгі каникул -7 күн (2024 жылғы 28 қазан – 3 қараша аралығында), қысқы каникул – 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсан мен 2025 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі каникул -11 күн (2025 жылғы 21-31 наурыз аралығында);
1-сыныптарда қосымша каникул – 7күн (2025 жылғы 10-16 ақпан аралығында).
4. Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.
5. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.

6. Оқу процесін ұйымдастыруда «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын.
7. Оқу процесісінің білім стандартына сай жүргізілуін қадағалау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.С.Нурмаганбетоваға міндеттелсін;
8. Оқушылар мен қызметкерлердің сабақ барысында белгіленген тәртіппен жүруін, мектепке келу- кету, үзіліс кезінде қозғалысын қадағалау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Е.Ашыкбаеваға және медбике С.Азаматоваға жүктелсін.
9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Нурмаганбетоваға міндеттелсін.

Мектеп директоры: О.А.Атангарин